

Жетісу облыстық кәсіподақ ұйымының қоғамдық бақылау және жұмыскерлерді құқықтық қорғау жөніндегі жұмысы туралы ақпарат

«Жетісу облысының оқу-ағарту, бюджеттік ұйымдар, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ (бұдан әрі – *Облыстық ұйым*):

Төраға: Төлепбергенов Мәліс Құлмұханұлы, штат – 5 бірлік, 10 филиал (7 аудандық, 2 қалалық, 1 ЖОО) және 477 бастауыш ұйым. «Жетісу облысының Білім басқармасы» ММ 2023-2026 жылдарға арналған өңірлік келісім жасалған».

Қоғамдық бақылау бойынша:

Құқықтық қызмет бойынша 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмысының қорытындысы туралы есеп ұсынылмады, 2023 жылғы есеп бойынша салыстыру жүргізілді. 2023 жылы 38 білім беру ұйымында қоғамдық бақылау жүргізілді. Бұл ретте барлық құжаттардың (тексеру нәтижелері туралы акті, жұмыс берушінің жауабы) филиалдарда болуына байланысты тексеру жөніндегі деректерді құжат бойынша тексеру мүмкін болмады. 38 қоғамдық бақылау барысында 4 бұзушылық анықталды, бұл жүргізілген тексеру сапасының төмендігін көрсетеді. Себебі, филиалдарда заңгер жоқ, қоғамдық бақылауды құқықтық білімі жоқ қызметкерлер жүргізеді.

Облыстық ұйымның құқықтық қызметі 2023-2024 ж.ж. қоғамдық бақылау жүргізбеген. Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (нұсқаулықтың электрондық нұсқасы ұсынылды), бақылау жөніндегі іс-шараларды есепке алу журналы, қоғамдық бақылауды жүргізу жоспары жоқ.

Қоғамдық бақылау жүргізу жоспарын әзірлеу, жүргізілген қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша филиалдардан тоқсан сайын құжаттарды талап ету, қоғамдық бақылауды ұйымдастыру бойынша филиалдардың барлық төрағалары үшін оқыту жүргізу ұсынылды.

Келісу комиссиясы бойынша:

477 келісу комиссиясы құрылған. 2023 жылы келісу комиссиялары 26 жеке еңбек дауларын, 2024 жылы 1 еңбек дауын қарастырды.

Құқықтық оқыту:

2024 жылы құқықтық оқыту жүргізілмеген. 2024 жылға арналған құқықтық оқыту жоспары жоқ.

Құқықтық жұмысты ақпараттық сүйемелдеу:

Облыстық ұйымның Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде жұмыс нәтижелері, оның ішінде құқықтық жұмыс нәтижелері жарияланады. Бұл ретте, құқықтық инспектор Ә.Қадырхан Instagram және Tik-Tok

әлеуметтік желілеріндегі жеке парақшасында еңбек заңнамасын түсіндіретін бейнероликтер жариялайды.

Әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру:

2023 жылы әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық салалық комиссия құрылды. Алайда комиссия отырыстары өткізілмеген.

2023-2024 ж.ж. қаралған өтініштер зерделенді. 2024 жылы 31 өтініш қаралды, жауаптар мерзімінде және толық көлемде ұсынылған. Сондай-ақ, алқалы органдардың құжаттары (құқықтық жұмыс мәселелері) зерделенді.

**Құқықтық жұмыс және
еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі
бөлімінің бас маманы**

А. Айтжанов